

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017 жылғы 01 маусымдағы № 221 бұйрығы.

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына сәйкес

**БҰЙЫРДАМАНШЫЛЫКТАН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті туралы ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014 жылғы 11 тамыздағы № 15-07/414 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 9727 болып тіркелген, 2014 жылғы 16 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрлік орынбасары -

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

A. Мырзахметов

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрлік

орынбасары – Қазақстан

Республикасының Ауыл

шаруашылығы министрлігінің

2017 жылғы 1 маусымдағы

№ 221 бұйрығымен

бекітілген

# **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті туралы ереже**

**Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.09.2024 № 298 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бүйрығымен.**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) агроОнеркәсіптік кешен саласында өсімдіктер карантині және оларды қорғау, астық нарығын реттеу, асыл тұқымды мал шаруашылығы бөлігіндегі басшылықты жүзеге асырады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауы бар мөрлөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Комитеттің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет тәрағасының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы және штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, "Министрлік үйі" әкімшілік ғимараты, № 3 кіреберіс.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алғынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тaraу. Комитеттің міндеттері, құқықтары мен міндеттемелері**

### **13. Міндеттері:**

1) өсімдіктер карантині саласындағы реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын орындау, сондай-ақ стратегиялық функцияларды орындауға қатысу;

2) өсімдіктерді қорғау саласындағы реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын орындау, сондай-ақ стратегиялық функцияларды орындауға қатысу;

3) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында іске асыру және бақылау функцияларын орындау;

4) астық нарығын реттеу саласындағы реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын орындау;

5) агроенеркәсіптік кешен саласындағы реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын орындау;

6) мемлекеттік мұлік саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын орындау

### **14. Құқықтары мен міндеттемелері:**

#### **1) құқықтары:**

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпаратты және материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы қолдану жөнінде түсіндірмелер мен түсініктемелер беру;

Комитет қызметкерлерінің біліктілігі мен даярлығын арттыруды жүзеге асыру;

Еңбек кодексінде және мемлекеттік қызмет туралы заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен жұмыскерлерді көтермелей, оларға тәртіптік жаза қолдану, жұмыскерлерді материалдық жауаптылықта тарту;

құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеуге қатысу;

Комитеттің құзыретіне кіретін қызмет саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне орындауға міндетті нұсқаулар беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Комитеттің құқықтары мен мұддесін қорғау мақсатында сотқа жүргіну, талап арыздар беру;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген жағдайларда әкімшілік органдарға, лауазымды адамдарға өз құзыреті шегінде жәрдем көрсету;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша әкімшілік рәсімге қатысушының құқықтарын іске асырудан бас тарту;

қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндеттемелері:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, арыздары мен шағымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарau;

өтініштерді қабылдау және тіркеу, оларды және оларға қоса берілген құжаттарды ресімдеуге жәрдемдесу, формалды қателерді жоюға және қоса берілетін құжаттарды толықтыруға мүмкіндік беру;

әкімшілік рәсімге қатысушыға оның әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

әкімшілік рәсімге қатысушыны өткізілетін тыңдалым орны мен уақыты туралы күні бұрын хабардар ету;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік рәсім бойынша шешім қабылдау алдында әкімшілік рәсімге қатысушыны тыңдау;

әкімшілік актіні Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік рәсімге қатысушының не оның өкілдерінің назарына жеткізу;

Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің, Комитеттің ведомствоның бағынысты үйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жылдарға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарларының уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ету;

қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі мемлекеттік іс-шараларды үйымдастырады;

3) мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

4) өсімдіктер карантині саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді және оған әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

5) карантиндік объектілермен залалданған, заарсыздандыруға немесе қайта өндеуге келмейтін карантинге жатқызылған өнімді алтып қою және жою жөніндегі қағидаларды әзірлейді;

6) карантиндік фитосанитариялық талаптарды, оның ішінде Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасының талаптарын ескере отырып әзірлейді;

7) карантинге жатқызылған өнімнің тізбесін әзірлейді;

8) Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларды әзірлейді;

9) жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жүқтірған, жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіруге жұмсаған шығындарын өтеу қағидаларын әзірлейді;

10) фитосанитариялық тәуекелге талдау жүргізу қағидаларын әзірлейді;

11) есепке алу нөмірлерін береді, қолданылуын тоқтата тұрады және кері қайтарып алады;

12) мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде материалдық құралдарды, фото- және бейнетіркеуге арналған техникалық құралдарды пайдалану тәртібін әзірлейді;

13) өздеріне қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесін әзірлейді;

14) таралу ошақтарын оқшаулау мен жою жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесін әзірлейді;

15) екі немесе одан көп облыс аумағында (облыстардың аумағында карантиндік объектінің жергілікті таралу жағдайларын қоспағанда) карантиндік режим енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу немесе оның күшін жою туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ осы аймақтарда өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібін әзірлейді әрі олардың жүргізілуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

16) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтердің қорын құру және сақтау тәртібін әзірлейді;

17) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) өздеріне қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантиндік объектілер тізбесін айқындайды;

19) Қазақстан Республикасында және басқа да мемлекеттерде карантиндік объектілердің болуы мен таралуы, оларға қарсы күрес жөніндегі шаралар мен

іс-шаралар туралы дереккор құрады, ақпаратты ресми интернет-ресурста орналастырады және сұраным бойынша оны мүдделі адамдарға береді;

20) карантиндік объектілер және (немесе) бөтен текті түрлер таралмаған немесе шектеулі таралған карантинге жатқызылған объектілерді, аймақтарды, орындарды, өндіріс учаскелерін айқындауды, импорттаушы елге растауды береді және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда импорттаушы елдің өкілдеріне инспекциялау жүргізу үшін қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

21) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар туралы ережені әзірлейді;

22) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырудың тәртібі мен тәсілдерін регламенттейтін әдістерді, әдістемелерді, ұсынымдарды бекітеді;

23) ғылыми-зерттеу үйімдарымен бірлесіп, фитосанитариялық тәуекелге талдау жүргізу қағидалары негізінде, оның ішінде Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасына, халықаралық нормалар мен ұсынымдарға сәйкес биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемесін ескере отырып, карантиндік фитосанитариялық шараларды әзірлейді, жеке және заңды тұлғалардың оларды орындаудың тұрақты бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

24) Өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспектор және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар лауазымдарына орналасуға біліктілік талаптарын белгілейді;

25) өз құзыреті шегінде өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуді үйімдастырады және олардың жүргізілуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

26) карантинге жатқызылған өнімдер транзитінің шарттарын айқындауды;

27) Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларға сәйкес уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізеді және олардың күшін жояды;

28) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтерді, оларды сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

29) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтер қорын құрады;

30) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді Қазақстан Республикасының аумағы бойынша бөледі;

31) фитосанитариялық бақылау бекеттерінде әкелінетін, әкетілетін және транзиттік карантинге жатқызылған өнімге, көлік құралдарына және тасымалдауға арналған

айлабұйымдарға (оның ішінде көлік құралдарының кабиналарына, салондарына, багаж және жүк бөлімдеріне, контейнерлерге), жеке тұлғалардың қол жүгі мен багажына бастапқы карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды, қажет болған кезде үлгілерді іріктей отырып, карантиндік фитосанитариялық сараптама және (немесе ) зертханалық сараптама жүргізеді, карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін жасайды, ілеспе тауарлық-көлік құжаттарына мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылаудан және қадағалаудан өткені туралы белгіленген үлгідегі тиісті мөртабан басады;

32) карантинге жатқызылған өнімнің межелі пунктінде көлік құралдарын және тасымалдауға арналған айлабұйымдарды (оның ішінде көлік құралдарының кабиналарын, салондарын, багаж және жүк бөлімдерін, контейнерлерді), жеке тұлғалардың қол жүгі мен багажын қайталама карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды, үлгілерді іріктеуді, қажет болған кезде аумақтың фитосанитариялық сипаттамасын және оның шыққан жерін, межелі пунктін, сондай-ақ карантиндік объектілер және (немесе) бөтен текті түрлер таралмаған немесе шектеулі таралған аймақтарды, орындарды, өндіріс участкерлерін есепке ала отырып, карантиндік фитосанитариялық сараптама және (немесе) зертханалық сараптама жүргізеді, карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін жасайды, ілеспе тауарлық-көлік құжаттарына мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылаудан және қадағалаудан өткені туралы белгіленген үлгідегі тиісті мөртабан басады;

33) әкетілетін карантинге жатқызылған өнімді тиеп-жөнелту орындарында тұрақты карантиндік жете тексеруді, қажет болғанда – үлгілерін ала отырып карантиндік фитосанитариялық сараптаманы және (немесе) зертханалық сараптаманы және фитосанитариялық сертификаттауды жүргізеді;

34) фитосанитариялық бақылау бекеттерінде әкелінетін, әкетілетін және транзиттік карантинге жатқызылған өнімге құжаттамалық мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау жүргізеді;

35) Қазақстан Республикасының ішкі сауда объектілерінде және үйымдарында карантинге жатқызылған өнімді тұрақты жете тексеруді, қажет болғанда – үлгілерін ала отырып, оған карантиндік фитосанитариялық сараптаманы және (немесе) зертханалық сараптаманы жүргізеді және карантиндік құжаттарды қарайды;

36) өсімдіктен алынатын өнімді өсіретін, дайындастырын, қоймаға жинайтын, өндейтін және өткізетін үйымдардың, ішкі сауда объектілерінің, шаруа немесе фермер, үй жанындағы және саяжай қожалықтарының аумағы мен үй-жайларына, ауыл шаруашылығына, орманға, суға және басқа да мақсатқа арналған жерлерге тұрақты ішінара бақылау зерттеп-қарауды жүргізеді;

37) анықталған Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заннамасын бұзушылықтарды жою және өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды орындау туралы нұсқамалар береді және олардың орындалуын бақылайды;

38) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата туру туралы сотқа талапарыз жібереді;

39) уәкілетті үйымда импорттық себу материалдары мен отырғызылатын материалдардың карантиндік объектілермен және бөтен текті түрлермен жасырын залалданған-залалданбағанын зерттеу жөніндегі іс-шараларды үйымдастырады және бақылайды;

40) карантинге жатқызылған өнімге фитосанитариялық сертификаттар береді;

41) халықаралық нормалар мен талаптардың өсімдіктер карантині саласында жасалған келісімдерге сәйкес орындалуын қамтамасыз етеді;

42) өз құзыretі шегінде өсімдіктер карантині саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

43) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша өсімдіктер карантині саласындағы заттай нормаларды әзірлейді және бекітеді;

44) нысанды киім (погонсыз) киіп журуге құқығы бар лауазымды адамдардың тізбесін, нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оларды киіп журу тәртібін айқындайды;

45) өз құзыretі шегінде өсімдіктерді қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

46) өсімдіктерді қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

47) аса қауіпті зиянды организмдер тізбесін әзірлейді;

48) өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламентті әзірлейді;

49) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және (немесе) ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге қорытынды (рұқсат беру құжатын) береді;

50) өсімдіктерді қорғау құралдарын (пестицидтерді) импорттауға лицензия береді;

51) мыналар:

пестицидтер өндіру (формуляциялау);

пестицидтер өткізу;

пестицидтерді аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

52) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді;

53) пестицидтерді мемлекеттік тіркеу және пестицидтерге арналған тіркеу күеліктерін береді;

54) пестицидтер тізімін өзірлейді, бекітеді және жүргізеді;

55) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу қағидаларын өзірлейді;

56) хаттамалар мен нұсқамалар нысандарын, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасау мен шығару тәртібін өзірлейді;

57) фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастырады;

58) мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу дегі қызметін үйлестіреді;

59) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пестицидтерді, оларды сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады және өткізеді, сондай-ақ пестицидтердің қорын жасайды;

60) фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну тәртібін өзірлейді;

61) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдер бойынша фитосанитариялық мониторинг ұйымдастырады;

62) пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және мемлекеттік тіркеуді ұйымдастырады;

63) өсімдіктерді қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерге тапсырыс беруді ұйымдастырады және үйлестіреді, жүзеге асырады;

64) бюджет қаражаты есебінен сатып алған пестицидтерді фитосанитариялық мониторинг деректеріне және қалыптасатын фитосанитариялық ахуалға қарай Қазақстан Республикасының аумағы бойынша бөледі;

65) өсімдіктерді қорғау және карантин саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

66) пестицидтердің түрлері бойынша қор нормативін және оны пайдалану тәртібін белгілейді;

67) мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

68) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарайды, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыйыптаушытарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды өзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындейды;

69) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын сақтауына бақылауды жүзеге асырады;

70) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен

келісу бойынша пестицидтерді залалсыздандыру тәртібін, сондай-ақ арнаулы сақтау орындарын (көмінділерді) тиісті жағдайда күтіп-ұстау шаттарын айқындайды;

71) фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асырудың тәртібін, тәсілдерін регламенттейтін әдістерді, әдіstemелерді, ұсынымдарды өзірлейді және бекітеді, өсімдіктерді қорғау саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуі үйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды, сондай-ақ өсімдіктерді қорғау бойынша мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқыту бағдарламаларын (оку бағдарламаларын) келіседі;

72) фитосанитариялық есептілік түрлерін, оларды ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындайды;

73) астық нарығының мониторингін жүзеге асырады;

74) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

75) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының бұзылуы туралы нұсқамалар береді, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

76) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастырады және іске асырады;

77) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізеді және басып шығарады;

78) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметтің басталғаны (тоқтатылғаны) туралы хабарламалар қабылдауды жүзеге асырады;

79) аஸыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізеді және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

80) аஸыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімін жүргізуі және оны уәкілетті органның интернет-ресурсында жариялауды жүзеге асырады;

81) мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктерді сынақтан және байқаудан өткізеді;

82) Қазақстан Республикасының аஸыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

83) өткізілетін аஸыл тұқымды өнімге (материалға) берілетін аஸыл тұқымдық қуәліктер деректерінің дәйектілігіне бақылауды жүзеге асырады;

84) мыналар:

агроенеркәсіптік кешен;

балара шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

- 85) мемлекеттік қызметтерді көрсете тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;
- 86) мемлекеттік қызметтерді көрсете сапасын арттыруды қамтамасыз етеді;
- 87) мемлекеттік қызметтерді көрсете тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;
- 88) көрсетілетін қызметті алушылардың қолжетімді нысанда мемлекеттік қызметтер көрсете тәртібі туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді;
- 89) мемлекеттік қызметтер көрсете мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың өтініштерін қарайды;
- 90) көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;
- 91) мемлекеттік қызметтер көрсете, мүгедектігі бар тұлғалармен қарым-қатынас жасау саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;
- 92) Бұзылуы жедел дең қою шараларын қолдануға алып келетін талаптардың тізбесін айқындайды, сондай-ақ талаптарды нақты бұзуға қатысты осы шараның қолданыс мерзімін көрсете отырып, жедел дең қою шарасының нақты түрін (қажет болған кезде) айқындайды;
- 93) өсімдіктер карантині және қорғау саласында тергеп-тексеру жүргізу тәртібін әзірлейді;
- 94) өсімдіктер карантині саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қағидаларын әзірлейді;
- 95) бақылау мен қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына, тексеру парактарына қатысты актілерді әзірлейді және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекітеді, олар "Электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектісінде орналастырылады;
- 96) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабының 1-тармағында көзделген нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер жүргізу графиктерін және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жүргізілетін профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдерін әзірлейді;
- 97) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;
- 98) биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;
- 99) Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасына сәйкес жүртшылыққа биологиялық қатерлердің тәуекелдеріне алып келетін жағдайлар туралы хабар береді;

100) стратегиялық әріптестерді конкурстық іріктеуді жүргізу және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес олармен шарттар жасасады;

101) стратегиялық әріптестердің жасалған шарттарға және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес міндеттемелерді орындауды бағалауды жүзеге асырады;

102) биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемелерін әзірлейді;

103) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілердің, ықтимал қауіпті биологиялық объектілердің тізілімдерін жүргізуі жүзеге асырады;

104) "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес биологиялық қауіпсіздік саласындағы профилактикалық іс-шараларды жүргізуі жүзеге асырады;

105) "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алуды және мониторингтеуді жүзеге асырады;

106) биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

107) биологиялық қауіпсіздік саласындағы кадрларды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламаларын әзірлеуді және бекітуді жүзеге асырады;

108) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен биологиялық қауіпсіздік саласындағы ғылыми зерттеулер үйымдастыруды жүзеге асырады;

109) биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалауды жүзеге асырады;

110) коллекциялық қызметті есепке алуды және мониторингтеуді жүзеге асырады;

111) референттік (референс-) зерттеулерді жүзеге асыру және жүзеге асыруға рұқсат беру қағидаларын әзірлеуді және бекітуді жүзеге асырады;

112) патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларын қалыптастыруға, жүргізуге және күтіп-бағуға үәкілеттік берілген үйымдардың қызметін бюджет қаражатының есебінен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

113) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге қатысты мемлекеттік фитосанитариялық бақылау және қадағалау Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады;

114) еңбек жөніндегі үәкілеттік мемлекеттік органмен келісіу бойынша үйымдардың еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерді әзірлейді және бекітеді;

115) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### **3-тaraу. Комитет төрағасының мәртебесі мен өкілеттігі**

16. Комитетке басшылық етуді Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Комитет төрағасы жүзеге асырады.

17. Комитет төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

19. Комитет төрағасының өкілеттіктері:

1) өзінің құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылығына Комитеттің құрылымы мен штат саны бойынша ұсыныстар береді;

3) Комитеттің аумақтық бөлімшілерінің құрылымын, штаттық санын және штат кестесін бекітеді;

4) Комитет төрағасының орынбасарынан басқа, Комитет жұмыскерлерін, аумақтық бөлімшелердің басшылары мен олардың орынбасарларын, ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын лауазымға тағайындауды және лауазымынан босатады;

5) өз орынбасарының және Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен олардың орынбасарларының өкілеттіктерін белгілейді, сондай-ақ Комитет жұмыскерлерінің, ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларының лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

6) езінің құзыреті шегінде Комитетте сыйайлар жемқорлыққа қарсы әрекет жасауға бағытталған шараларды қабылдайды және сыйайлар жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауаптылықта болады;

7) Комитет төрағасының орынбасарынан басқа, Комитеттің жұмыскерлерін, аумақтық бөлімшелердің басшыларын және олардың орынбасарларын, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын және олардың орынбасарларын көтермелейді және тәртіптік жазалар қолданады;

8) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының орынбасарынан басқа, Комитет қызметкерлерін заңнамада белгіленген тәртіппен іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеге, үстемеақы және сыйақы төлеу мәселелерін шешеді;

9) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен басшыларының орынбасарларына, сондай-ақ ведомстволық бағынысты

ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларына демалыс беру мәселелерін шешеді;

10) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен басшыларының орынбасарларын іссапарға жіберу (тиісті облыстан тыс және шетелге), материалдық көмек көрсету, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

11) заңнамада белгіленген тәртіппен ведомствоның бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын іссапарға жіберу (тиісті облыстан тыс және шетелге) мәселелерін келіседі;

12) заңнамада белгіленген тәртіппен ведомствоның бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларына материалдық көмек көрсету, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

13) заңнамада белгіленген тәртіппен ведомствоның бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын даярлауды (қайта даярлауды), біліктілігін арттыруды келіседі;

14) Комитеттің аумақтық бөлімшесінің басшысы болмаған уақытта оның міндеттерін уақытша орындауды басшының орынбасарына немесе Комитеттің аумақтық бөлімшесінің басқа жұмыскеріне жүктейді;

15) Комитеттің қарамағындағы құрылымдық бөлімшелер және аумақтық бөлімшілердің ережелерін және өзінің құзыretі шегінде Комитеттің ведомствоның бағынысты ұйымдарының құрылтай құжаттарын бекітеді;

16) Комитеттің ведомствоның бағынысты ұйымдарының құрылымын бекітеді және штаттық кестесін келіседі;

17) реттелетін салада мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар тұжырымдайды;

18) аумақтық бөлімшелердің Комитетпен өзара іс-кимыл жасау құзыretі мен тәртібін айқындайды;

19) Комитеттің аумақтық бөлімшелер актілерінің қолданылуын жояды немесе толық немесе бөлігін тоқтатады;

20) мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда сенімхатсыз Комитеттің атынан өкілдік етеді;

21) заңдарға және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Комитет төрағасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарының өкілеттігін белгілейді.

#### **4-тарау. Комитеттің мұлкі**

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауландырылған мұлкі болады. Комитеттің мұлкі оған иесі берген мүліктің есебінен,

сондай-ақ өзінің қызметі нәтижесінде сатып алғанған қаражаттан (қаражат кірістерін қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітіліп берілген мұлік респубикалық меншікке жатады.

23. Комитет оған бекітіліп берілген мұлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алғанған мұлікті, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, өздігінен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

## **5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **Комитеттің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

#### **1. Респубикалық мемлекеттік кәсіпорын**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің "Фитосанитария" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны.

#### **2. Мемлекеттік мекемелер**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің "Респубикалық өсімдіктер карантині орталығы" мемлекеттік мекемесі.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің "Респубикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

### **Комитеттің қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақмола облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Аққөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Аршалы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

4. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Астрахан аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

5. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Атбасар аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

6. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Бұланды аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

7. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Егіндікөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

8. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ерейментау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

9. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Есіл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

10. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендердегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жақсы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

11. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жарқайың аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

12. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қорғалжын аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

